

## БӨЛІМ: ИНФОРМАТИКА

**ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС ТӘСІЛДЕРДІ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ**ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.12.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/148124/>

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық ісәрекетінің, жан-жақты өзіндік білімін жетілдіруі — маңызды мәселелердің бірі. Жас ұрпақты жоғары деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұның құру-білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Мұғалімнің жетелеуімен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, кез келген уақытта өз іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт. Қазіргі таңда оқытудың алуан түрлі тәсілдерін қолдана отырып, нәтижеге бағытталған оқыту болады. Мұғалімнің сабақ алдында қоятын басты мақсаты – оқушыларды пәнге қызықтыратын терең, сапалы, тиянақты білім беру. Оған мұғалім тынымсыз іздену еңбегінің нәтижесінде ғана қол жеткізери анық. Бұл жағдайда мен оқушыларды жалықтырмай қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты түрлендіріп өткізуге жете назар аударамын. Әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану оқушылардың жанжақты дамуына жағдай жасай алады. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен оқушыларды қызықтырады. Осы тәсілдерді мұғалім іздену арқылы жетілдіріп, дамыта түседі. Қызықты сабақ оқушының пәнге деген қызығушылы артып, мұғалім қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алары анық. Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму процесін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Ал бұл, педагог жұмысындағы артықшылық жанама педагогикалық ықпал жасауға 94 берілетіндігін білдіреді: тікелей жасалатын әдістерден, лозунгтардан және үндеулерден бас тартылады, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді. Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда оқушылар өзін белсенді және еркін, оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады. Сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге болады. АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентациялар дайындап интерактивті тақта мүмкіндіктерін шебер

қолдана білсе сабақтың тартымды әрі қызық өтетіні анық, әрі оқушы белсенділігін арттырады. Әр сабақта интернет, электронды почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс. Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толық қанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытуда оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады. Информатика сабағын жүргізуде дидактикалық тапсырмаларға сәйкес әдістерді таңдау өте маңызды. Сабақта қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікірталас, оқушылардың баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс, диалог, тренинг, ұжымдық-танымдық оқу, иммитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің белгілері болып табылады. Интербелсенді әдістер өте көп. Мен өз сабақтарымда қолданатын әдістерге тоқталып кететін болсам:

- Жұппен жұмыс
- Ауыспалы үштік
- Айналмақ
- Шағын топтармен жұмыс
- Аквариум
- Сөйлемді аяқта
- Миға шабуыл
- Броундық қозғалыс
- Есептеу ағашы
- Іскерлік ойын
- Сығымдау методы
- Өз позицияңды ұстан
- Дискуссия
- Дебат

Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып — білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын. Олар:

- Шығармашылық тапсырмалар, жобалар.
- Блок – сызба, сәйкестендіру, диаграмма, карта т.б.
- Тірек – сызба, көрнекіліктер және анықтама құралдары.
- Ойын арқылы оқыту.
- Сөзжұмбақ, ребустар.
- Логикалық тапсырмалар. 95
- Тестілеу және бақылау

«Миға шабуыл»– бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Миға шабуыл» әдісі информатика пәнін оқытуда қолдануда өте маңызды. Себебі, бұл әдісті оқытуда қолданудың нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, шығармашылық қабілеті дамиды, өзара қарым-қатынас деңгейі артады. Оқушыларға “Айналмақ” деп аталатын жұмыс түрі қатты ұнайды: Екі сақина жасалады. Ішкі және сыртқы сақиналар. Ішкі сақина — бұл қозғалмай отырған оқушылар. Сыртқы сақинада – оқушылар ауысып тұрады және ішкі сақинадағыларға сұрақтар қояды.. Бұл әдісті бір тарауды қайталау бойынша пайдаланған қолайлы. Мысалы «Ms Word» тарауын қайталау барысында, сыртқы сақина сұрақтар қояды, ал ишкі сақина оқушылары сұраққа жауап беріп ноутбуктан көрсетіп отырады. Осы әдіс арқылы әрбір оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергендігі айқын көрінеді. Сондай-ақ мен сабақтарымда мәтіннен алған түсінігін қорыту, өмірмен байланыстыру, дәлелдеуді қажет ететін «Аквариум» әдісін жиі пайдаланамын. Оқушылар берілген балық қаңқасына қара сөзбен проблеманы, оның туындау себептерін анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды. Мысалы «Интернет желісі» тақырыбында оқушыларға проблеманы анықтау және оны шешу жолдары деген тапсырма беріледі. Оқушылар өз ойларын күнделікті өмірмен байланыстырып, жан- жақты жауап береді. Білемін, Білгім келеді стратегиясын сабақта пайдаланудың маңызы зор. Мысалы Ms Excel тақырыбында сабақ басында кестенің «Білемін» бөліміне Ms Word тарауы бойынша өткен кесте туралы білетіндерін жазса, «Білдім» бөліміне Ms Excel бойынша алған білімдерін жазады, ал «Білгім келеді» бөліміне болашақта уйренгісі келеді сұрақтарды жазады. «Логикалық тапсырмалар» әдісін практикалық сабақтарда пайдалануға болады. Қорапқа қағазға жазылған әртүрлі тапсырмалар салынады. Оқушылар өздері алған тапсырмаларды компьютерде орындайды. Сабақтың жаңа тақырыпты түсіну бөлімінде «Ауыспалы үштік» әдісін пайдалану тиімді. Бұл тапсырма шағын топтарда орындалады, оқушылар бірігіп жұмыс жасайды. Оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді. Сонымен бірге мен сабақтарымда іскерлік ойындарды пайдаланамын. Мысалы «Компьютерлік құрылғылар» тақырыбында оқушыларға іскерлік тапсырмасы беріледі. Бұл әдіс оқушылардың

шығармашылық қабілетін дамытады және сөздік қорын молайтады. Искерлік ойын — бұл өмірлік жағдайлардың компьютерлік тапсырмалар мен белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы. Рөлдік ойындар шағын топтарда (3-5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тақтада, қағаз парақтарда және т.б.) тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа ұсынады (көрсетеді). Оқытушы балалардың мінез-құлқын ескере отырып рөлді өздері бөледі. Бұл әдістің артықшылығы сол, әрбір қатысушы өзін ұсынылған рөл жағдайында көрсетеді, сол не басқа жағдайды айтарлықтай шынайы байқайды, сол не басқа әрекеттердің салдарларын сезінеді және шешім қабылдайды. Шағын топтардағы жұмыс алдын ала сақтандыру оқуы процесін информатика сабағында оқушыларға шамамен жобалап құру қажет. Аталған жағдайда ең тиімдісі топтарда жұмыс істеу. Мұндай жағдайда оқытушы диагностика мен мониторингті қамтамасыз етеді, оқу-жаттығу ортасын ұйымдастырады, алғашқыда басқа ресурстар болмаса қолдау көрсетеді. Ұқсастығын немесе белгілі бір құбылыстардың айырмасын жариялау қажет болса, жұмыстың мұндай нысаны қолданылады, қатысушылардың әр түрлі топтарының бір және сол мәселеге қатынасын анықтайды. Тестілеу және бақылау тест сынағы әдісінің көмегімен информатика сабағында оқушылардың хабарландырылу деңгейін немесе олардың талқыланатын тақырыпқа қатынасын анықтайды. Тест сынағын дұрыс жасау әдісі орынды болуы тиіс: олар сауатты, анық, ұғынықты тілде жасалуы қажет және 96 оқушылардың сезімін қорғауы керек. Тест сұрақтарын ала отырып оқушылар оларды назар сала оқулары және тиісті жерде өздерінің жауап нұсқаларын белгілеулері тиіс. Содан кейін, егер тест жасырын болмаса, жауаптары сабақтарда немесе топтарда талқыланады. Жасырын тест сынағы қорытындысын оқытушылар шығарады. Ал кәдімгі тест сынағы қорытындысын – жауаптарын оқушылармен бірге талқылағаннан кейін оқытушылар шығарады. Қорыта айтқанда, жаңа әдістерді енгізу келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

v Оқушының жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастыруға көмектеседі;

v Тіл байлығын дамытады, өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;

v Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді;

Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімі сапалы деңгейге көтерілген жеке тұлғаны қалыптастырады. Олай болса, жаңа әдістәсілдер, ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға мүмкіндік беріп, нәтижесінде — кәсіби жоғары қалыптасуына жол сілтейді десек артық айтпаған болар едік. Қазіргі қоғамдағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және ақпараттық мәдениетін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі өте жоғары

екеніне көзіміз жетіп отыр. Қорыта келетін болсақ интерактивті оқыту – бұл таным іс-әрекетін ұйымдастырудың арнайы нысаны. Ол толық нақтылықты және болжамды мақсаттарды көздейді. Осындай мақсаттың нәтижесінде оқушылар өзінің сәттіліктерін, интеллектуалдық жағдайларын, оқу процесінде өзінде қандай өнімді іс істеу керектігін сезінетін, оқудың қолайлы жағдайын туғызатын әдіс

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.